

Туған жердің тұлғасы

Ұлағатты ұстаз, жерлесіміз Көпжасар Шаяхметов мерейлі 90 жасқа келді



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Ұстаз рухы таза, ой-өрісі биік ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші.

Еліміздің ұлы перзенті, Меңдіқара ауданының тумасы, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, бар ғұмырын ілім мен білімге арнаған ұлағатты ұстаз Көпжасар Шаяхметовтың мерейлі 90 жасқа келуіне арналған Меңдіқара аудандық орталық кітапханасында «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты іс-шара өтті.

Меңдіқара ауданында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылу бағытын ілгерлету мақсатында бізде іс-шараға қатысып, мазмұнды іс-шараның куәсі болдық. Көпжасар Шаяхметұлы Меңдіқара ауданына қарасты Екпінді колхозында дүниеге келген көрінеді.

Бар ғұмырын ұстаздыққа арнап, адал еңбектің иесі атанған жан. Алдынан талай шәкірт өтіп, талай шәкіртті білімге үйретіп, тәрбиеге баулыған нағыз ұстаз.

«Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты іс-шараға қатысып, ағайымыздың

өмірбаяны мен еңбек жолына тоқталған жандардың қарасы көп болды. Перзенттері мен қатар жан жары Разия апайымызда кештің қадірлі қонағы болды.

Разия апайымызбен Көпжасар ағайымыз өмірдің қызығы мен

қиындығын бірге көріп алты перзент өсіріп тәрбиелеген жандар. Балаларының барлығына жоғары білім мен қатар, жақсы тәрбие беріп, адамгершілікке баулыған. Бүгінде ұл-қыздарының тілеуін тілеп, немерешөберелерінің қызығын

қызықтауда.

Ағайымыздың шәкірттері де бұл күнде ұстаздарының қуанышын бөлісіп, іс-шараға қатысып, ұстаздарына деген ақ тілектері мен ризашылықтарын білдіріп жатты. Ағайымыздың иығына қазақтың салты-



Көпжасар Шаяхметов жан-жары Разия апаймен және шәкірттерімен

мен шапан жабылып, өлең шумақтары арналып жатты.

Мерей той иесінің шәкірттері өздерінің сонау мектеп кездеріндегі қызықты күндері жайлы еске алып, ұстаздарына деген ақжарма тілектерін білдірді.

Кешке қатысқан Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының оқушылары болса, Көпжасар ағайымызға өз сауалдарын қойып, ұлағатты ұстаздың өмір және еңбек жолын үлгі тұтты.

Іс-шара барысында ағамыз жайлы мағыналы презентация дайындалып, кеш қонақтары тамаша бейнероликті тамашалады.

«Юбилейный» Мәдениет үйінің өнерпаздары кешті тамаша мерекелік концертке жалғап, жиылған кеш қонақтарына жақсы көңіл-күй сыйлады.

Көпжасар ағайымызда, шәкірттері мен жақындарына, орталық кітапхана қызметкерлеріне деген өзінің алғысы мен ыстық лебізін білдірді. Мерекелік іс-шара ілтипат пен жылулыққа, ризашылық пен ақ тілекке толы болды.